

Білім

Даму бағдарламалары маман даярлауға серпін береді

Әлемдік экономикада білім мен инновацияны маңызды экономикалық ресурстар ретінде пайдалану базасында экономикалық өсудің жаңа типі қалыптасты. Қазір материалдың игіліктерді жасау көп жағдайда ғылымның жалпы деңгейі мен техниканың прогрессіне немесе осы ғылымның өндірісте қолданылуына тәуелді.

Қазақстандағы ғылымның дамуының қиын мәселелерінің бірі оның қаржыландырылуы болып табылады. Ұзақ уақыт бойы бұл сала қаржыландырудың жетіспеушілігін сөзініп келді. Қазіргі таңда ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың үш тәсілі енгізілді: гранттық – елдің ұлттық басымдықтарына сәйкес келетін ғылыми жобаларды қаржыландыру; бағдарламалық-мақсаттық – стратегиялық бағыттар бойынша қаржыландыру; базалық – мемлекеттік тапсырмалар арқылы ғылыми ұйымдар үшін қаржыландыру. Ғылым дамуына үлес қосатын бірден бір сала ол жоғары оқу орындары болып табылады. Сондықтан инновациялық индустриалды дамудың мемлекеттік бағдарламасы-2 бойынша университеттер арасында жоба жарияланып, заманауи

ғылым алдына да үлкен міндеттер қойылды.

Осыған орай, индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарлама аясында 2015-2016 оқу жылында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі 6M072000-«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы жобаға қатысып химиялық өндіріс саласына бейіндік бағыттағы білім алатын мамандар даярлау «Поликомпонентті минералды тұнбайтқыштар синтезі» бағдарламасы негізінде университет шет елдік университеттермен, оның ішінде Германия мемлекетіндегі Мюнхен техникалық университетімен бірлесіп жұмыс атқаруда.

Іс-тәжірибе алмасуда оқытушылар университеттің оқу үрдісі, ғылыми-зерттеу үрдісінің негізгі принцип-

терімен танысты. Екі жақты білім беру бағдарламаларын, қазіргі таңдағы шет елдегі ғылым саласының дамуындағы артықшылықтар талқыланды. Мюнхен техникалық университетінің оқытушы құрамы профессорлары Ф.Е. Кюн және К.О. Хенриксон және Дж. Планктың дәрістеріне қатысып, олардың ғылыми бағыттарымен тәжірибе алмастырылды. Сонымен қатар, Германия мемлекетінің алдыңғы қатарлы зауыттарында, атап айтқанда Мюзбург қаласындағы бентонитті шикізат минералцынан тонзил адсорбентін алатын «Клариант» және Бургхаузен қаласындағы химиялық өнімдер саласында 100 жылдық тарихы бар «Уэkker» зауыттарындағы негізгі өнімдер технологияларымен таныстырылды. Ғылыми тағылымдама нәтижесі бойынша оқытушы құрамдарға сертификат табысталып, ары қарай серіктестік жұмыстар туралы жоспарлар қабылданды.

М. АЙТӨРЕЕВ,
кафедра меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент
А. ҚАДІРБАЕВА,
т.ғ.к., доцент
Ұ. НАЗАРБЕК,
ғылым магистрі,
«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасы